**Ақтасты жалпы орта білім беретін мектебі**

**Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмысы туралы анықтама**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің төрағалығымен өткен кеңестің 2023 жылғы 4 қыркүйектегі №28 хаттамасының 2,4 тармағын, «20232024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу- тәрбие процесінің еркешеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатын басшылыққа алып, Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» Ке АҚ Ғылыми- әдістемелік Кеңесінің 2023 жылғы 15 тамыздағы №4 хаттамасына сәйкес Б№63 н/қ 21 қыркүйек күні «Ата аналарды педагогикалық қолдау орталығы құрылды.Жаңа оқу жылынан бастап әрбір жалпы орта білім беру ұйымының базасында ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы жұмыс істей бастады.Орталық ата-аналар қоғамдастығының өкілдерін, отбасылық және қоғамдық тәрбие байланысына мүдделі әкімшілік және психологиялық әл-ауқатын қамтамасыз етуге арналған. «Ата-аналарды қолдау» орталығының жетекшілігіне тәрбие ісі орынбасары А.Т.Айтмагамбетова бекітілген. Сонымен қатар «Ата-аналарды қолдау» кабинеті ашылды. Кабинет стендпен жабдықталған. 1-4 сыныптарға 8 сабақ, 5-9 сыныптарға 8 сабақ, 10-11 сыныптарға 8 сабақ тақырыптары берілген. Сабақтар жоспардағыдай уақытында жүргізілген. Әр сабақты өткізу барысында түрлендіріп отырған. Сабақтар сынып жетекшілерімен және мектеп психологымен бірлесе өтті. Сабақтар дөңгелек үстел, пікірталас, іскерлік және рольдік ойындар, тренингтер, шебер сабақтар түрінде ұйымдастырылған. Әр сбақтан соң кері байланыс алынды. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығы жанынан «Даналық мектебі» жоспарға сай өз жұмысын бастады. Жоспар аясында «Ата өсиеті», «Әже даналығы», «Аға қамқорлығы». «Жеңге кеңесі» шаралары ұйымдастырылды. Жоғарыда аталған нұсқаулықты негізге ала отырып, сабақ жоспары жасалып, бекітілді.

«Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығының жоспарына сай бастауыш сынып бойынша «Отбасы- бақыт бесігі», «Білімдіге дүние жарық» Әр баланың ерекшелігін қалай ашамыз, «Әрбір бала- жарық жұлдыз», «Баланы жастан...» Бала бойындағы тапқырлық пен эрудицияны қалай дамытуға болады?, «Құмар ойындары- тәуелділік қақпаны», «Сенім арту- жетістік кепілі» қиын жағдайда баланы қалай қолдау керек?, «Әкені көріп ұл өсер, шешені көріп қыз өсер», «Тәлім менен өрілген біздің дәстүр» тақырыптарында сабақтар өтті. Орта буын бойынша «Баланың бас ұстазы ата-ана» позитивті тәрбие, « Ақыл айтпа, жол көрсет» жасөспірімнің бейімделуі, «Балаға үйреуі:ақылыңды мейірімге орап бер!» бала жүрегіне жол табу, «Бұлақ көрсең көзін аш» баланың шығармашылық қабілетін дамыту, «Ақпараттан ақ- қараны ажырату өнері», «Әр нәрсенің өшемі бар...», «Қажеттілік пен қалау» арасындағы тепе- теңдікті қалай сақтауға болады, «Жасөпірімдердің қарым-қатынас құпиялары» , «Отбасы құндылығы-сарқылмас қазына» «Құндылықтар- отбасы бақытының негізі» тақырыптарында сабақтар өтті. Жоғары буын бойынша « Боламын деген баланың бетін қақпа, белін бу...» . «Көркем мінез- баға жетпес байлық». Эмоционалды интеллект- табысты тұлғаның негізі, «Сен жанбасаң лапылдап...» балаға мамандық таңдауға қалай көмектесуге болады?. «Құмарлыққа бой алдыру- тәулділік құрдымы», «Жақсыдан қашпа, жаманға баспа...» әлеуметтік желілер және ғаламтор кеңістігі: жоғары сынып оқушыларының қауіпсіздігі. «Күйзелістен шығар жол» «Күйзелісті жеңуге көмектесеміз», «Сүйіспеншілік- сыйластық кілті» «Махаббат татулықтың негізі», «Атадан өсиет, анадан қасиет» тақырыптарында сабақтар өтті. Ата-аналар мектебі» жобасы аясында мектеп ата-ана арасындағы байланысты нығайтып, ата-ананың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін арттыру, үштік

одақты нығайту мақсатында ата-аналар кезекшілігі ұйымдастырылды.3 қараша күні жалпы ата-аналар жиналысы өтті.

«Даналық мектебі» қызметінің мақсаты аға буынның педагогикалық әлеуетін өзектендіру арқылы ата-аналардың позитивті мәдениетін дамытуға жәрдемдесу. Іс-шаралар тақырыптары нұсқаулықтан алынған. «Даналық мектебі» аясында Әйтеке би ауданы білім бөлімінің 2023 жылғы 23 қазан №05-20/1865 хаты негізінде «Инабат» қыздар клубы қыздарына «Қыз тәрбиесі- ұлт тәрбиесі» тақырыбында ағалар, жеңгелер сабағы өтті, 9-11 сынып қыздарының арасында дөңгелек үстел өтті. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» жылдық жоспары аясында ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының «Даналық» мектебінің жоспары аясында 1-наурыз «Алғыс айту» мерекесіне орай «Әке асқар тау», «Ағасы бардың- жағасы бар» атты мектепшілік әкелерге арналған дөңгелек үстел өтті. Мақсаты: отбасы тәрбиесінің әкенің балаға тәрбиелік ықпалын арттыру. Тәрбиенің ең тамаша жері отбасы екенін, олардың бала тәрбиесіндегі мүмкіндіктерінің жоғары екендігін және бүгінгі заман талабынан шығатынын дәлелдеу. Өткізген: ДТІЖО Айтмагамбетова А.Т

https://www.instagram.com/p/Cyyhaeho5qY/?Igshid=MTc4MmM1Yml2Ng= =
https://www.instagram.com/p/CzLWzsOgF5W/?Igshid=MTc4MmM1Yml2Ng= =
https://www.instagram.com/p/CzLcMdKgL2h/?Igshid=MTc4MmM1Yml2Ng= =
https://www.instagram.com/p/CzbL2qDIy4D/?Igshid=MTc4MmM1Yml2Ng= =
https://www.instagram.com/p/CzBZE9iISwM/?Igshid=MTc4MmM1Yml2Ng= =
https://www.instagram.com/p/CzbJR2WIkk-/?Igshid=MTc4MmM1Yml2Ng= =
https://www.instagram.com/p/CzbFJIdIvhF/?Igshid=MTc4MmM1Yml2Ng= =
https://www.instagram.com/p/CzbFVqII7UE/?Igshid=MTc4MmM1Yml2Ng= =
https://www.instagram.com/p/C0TPNbPoomV/?Igshid=MTc4MmM1Yml2Ng= =
https://www.instagram.com/p/C2g-6b7AIh_/?igsh=Nm11MgdibzYybDJ6
https://www.instagram.com/p/C3o4vVOo9sB/?igsh=OGE4MmppNjF5dHNx
https://www.instagram.com/p/C3o80kMo2Qs/?igsh=MWE0djVndmdxMTI2eQ==
https://www.instagram.com/peeI/C3fwBC9oG4E/?igsh=dXEiYWI3ZWZheHVk

Мектеп директоры: С.Г.Аяпова